The genres mentioned above are genetically related to the culture of the Kazakh folklore bearers, which phenomenon is the subject of the serious scientific work of E. Tursunov. Thanks to the works of the famous Kazakh scientist, we have taken another important step in the interpretation of M. Makatayev's lyrics and building its mythopoetic picture of the world.

*Reference:*

1. Tursunov E.D. *The origin of the Kazakh folklore bearers [Proiskhozhdeniye nositeley kazakhskogo fol'klora]*. – Almaty: Dyk-Press, 2004.
- Abisheva, S. *Poetics of modern literature of Kazakhstan | La poética en la literatura moderna de Kazajstán. Opcion, 2018, 34(85), pp. 344–361. Certificate of authorship. Poetic world of M. Makatayev (№1215, №1234)*
2. Sametova, Z. *Realistic, modern and postmodern dominants in the modern world | Dominantes realistas, modernos y posmodernos en el mundo modern. Opcion, 2018, 34(86), pp. 315–324*
3. Sametova, Z. *The usage of symbols and folkloric elements by some modern Kazakh writers. Milli Folklor, 2019, 2019(121), pp. 95–101*
4. Kondybai S. *Kazakh mythology. Concise dictionary. [Kazakhskaya mifologiya. Kratkiy slovar']* – Almaty: Nurly Alem Publishing House, 2004.
5. *Encyclopedia of the Eastern Symbolism. [Entsiklopediya vostochnogo simvolizma] Compiled by K.A. Wilms. –M.: ADE «Golden Age», 1996.*
6. *M. Makataev's four tomes of works [M. Makataev's Shiigarmalarynyn tort tomđıgı]: 2 T. – Almaty: Zhalyn baspasy, 2001.*
7. *Francesco Petrarca. – Moscow, 1984. (in Russian)*
8. Nurbaeva A. *Realisation of parameters of Bologna process at teaching of philologists in the Republic of Kazakhstan. Review of European Studies, 2015, 7(7), pp. 356–364*
9. Aldash, A., Aldasheva, K.S., Mambetova, M.K., Sultaniyazova, I.S., Nabidullin, A.S. *Neologisms in online dictionaries as a reflection of social changes and formation of the social structure of society. International Journal of Scientific and Technology Research, 2019, 8(12), pp. 1432–1435*
10. *M. Makataev's four tomes of works [M. Makataev's Shiigarmalarynyn tort tomđıgı]: 3 T. – Almaty: Zhalyn baspasy, 2001.*
11. D.A. Sabirova *The artistic world of the family in the literature of Kazakhstan. Certificate of entering information into the state register of rights to objects protected by copyright. No. 5782.*
12. *Certificate of authorship. Poetic world of M. Makatayev (№1215, №1234)*

*\*Қобланов Ж.Т.<sup>1</sup>, Балтоғоева Ж.Е.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> *Ш. Есенов атындағы технологиялар және инжиниринг университеті,  
Ақтау, Қазақстан,*

<sup>2</sup> *Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті  
Атырау, Қазақстан*

<sup>1</sup> *филология ғылымдарының кандидаты, профессор,  
koblanov64@mail.ru;*

<sup>2</sup> *филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы,  
zhaili\_65@mail.ru*

## **ҚАЙТА ӨРЛЕУ ДӘУІРІ КОНТЕКСТІНДЕГІ ЭРАЗМ РОТТЕРДАМСКИЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

*Аңдатпа*

Мақала Қайта өрлеу дәуіріндегі Нидерландия әдебиетінің көрнекті өкілі Эразм Роттердамский шығармаларының маңызын пайымдауға арналған. XVI ғасырдағы Нидерландия әдебиетіндегі сатира жанрының дамуы Эразмнің «Ақымақтыққа мақтау сөз» сатиралық шығармасы негізінде қарастырылады. Талантты жазушының қаламгерлік шеберлігі, реалистік және демократиялық бағытының айқындығы нақты мысалдар арқылы талданады. Шығармаларының идеялық бағытын, кейіпкерлерді суреттеудегі өзіне тән ерекшеліктерін саралау арқылы сол кезең әдебиетіндегі жазушының өзіне тән қасиеттерін жоққа шығаратын, шығармалардағы халықшылдық рухқа және реалистік дамуға кедергі болған, табиғат пен адамның қадір-қасиетіне дұшпан, шынайы өмірді мойындамайтын діни-аскеттік саясатқа қарсы сыни көзқарасты бағалауға талпыныс жасалады. Мақалада сонымен қатар, Эразм Роттердамский шығармаларының өзінен кейінгі орта ғаырлық әдебиетке тигізген әсеріне де ғылыми тұрғыда баға беріледі.

**Түйін сөздер:** ренессанс, классикалық филология, әлеуметтік сатира, гуманистік идеялар

*\*Қобланов Ж.Т.<sup>1</sup>, Ж.Е. Балтоғоева Ж.Е.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> *Каспийский университет технологии и инжиниринга имени Ш. Есенова,  
Ақтау, Казахстан*

<sup>2</sup> *Атырауский университет имени Х. Досмұхамедова  
Атырау, Казахстан*

<sup>1</sup> *кандидат филологических наук, профессор,  
koblanov64@mail.ru;*

<sup>2</sup> *кандидат филологических наук, старший преподаватель,  
zhaili\_65@mail.ru*

## **ТВОРЧЕСТВО ЭРАЗМА РОТТЕРДАМСКОГО В КОНТЕКСТЕ ЭПОХИ ВОЗРОЖДЕНИЯ**

*Аннотация*

Статья посвящена оценке значения творчества Эразма Роттердамского, выдающегося представителя нидерландской литературы эпохи Возрождения. Развитие жанра сатиры в литературе Нидерландов XVI века рассматривается на основе сатирического произведения Эразма «Похвала глупости». На реальных примерах анализируются писательские способности талантливого писателя, четкость реалистической и демократичной направленности. Дифференцируя идейную направленность его произведений, характерные черты в описании персонажей, попытались оценить критическое отношение к религиозно-аскетической политике в литературе того периода, отрицавшей характерные качества писателя, препятствующийся народному духу и реалистического развития в произведениях, который был враждебен природе и человеческому достоинству, не признавший реальную жизнь. В статье также научно оценивается влияние произведений Эразма Роттердамского на последующую средневековую литературу.

**Ключевые слова:** ренессанс, классическая филология, социальная сатира, гуманистические идеи

*\*Koblanov Zh.<sup>1</sup>, Baltogaeva Zh.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Sh. Yessenov University of Technologies and Engineering,  
Aktau, Kazakhstan*

*candidate of philological sciences, professor, koblano64@mail.ru*

*<sup>2</sup>H. Dosmuhamedov Atyrau University  
Atyrau, Kazakhstan*

*candidate of philological sciences, senior lecturer, zhaili\_65@mail.ru*

**THE CREATIVITY OF ERASMUS OF ROTTERDAM IN THE CONTEXT OF THE  
RENAISSANCE**

*Abstract*

The article is devoted to the assessment of the significance of the works of Erasmus of Rotterdam, an outstanding representative of the Dutch literature of the Renaissance. The development of the genre of satire in the literature of the Netherlands in the 16th century is considered on the basis of the satirical work "Praise to Folly" by Erasmus. The writing skills of the talented writer, the clarity of the realistic and democratic direction are analyzed using real examples. By differentiating the ideological direction of his works, the characteristic features in the description of the characters, an attempt to evaluate the critical attitude against the religious-ascetic policy in the literature of that period, which denied the characteristic qualities of the writer, hindered the spirit of nationalism and realistic development in the works, was hostile to nature and human dignity, and did not recognize real life. is done. The article also scientifically assesses the influence of the works of Erasmus of Rotterdam on later medieval literature.

**Keywords:** renaissance, classical philology, social satire, humanistic ideas

**Кіріспе.** Мақаланың тақырыбының өзектілігі: XVI ғасырдағы Нидерландия әдебиетінің көрнекті өкілі Эразм Роттердамский шығармашылығының негізгі табиғатын сипаттау.

Мақалада Еуропадағы Қайта өрлеу әдебиеті негізінде Эразм Роттердамский туындыларының негізгі ерекшеліктері қарастырылады. Қаламгер шығармаларындағы реалистік, авторлық идеяға, халықшылдық рухқа, демократиялық бағытқа ерекше назар аударылады.

Ғылыми маңыздылығы: Эразм Роттердамский туындыларының Қайта өрлеу дәуірі әдебиетіндегі маңыздылығын көрсетуге қажет болған көркемдік құралдарды қолданудың негізгі сипатын анықтайды. Эразм Роттердамский туындыларындағы кейіпкер мінезін терең аша білу, қаһарман басына түскен қайғылы оқиғаны сезіне білу, айналаны қоршап алған озбырлықтарға жиіркенішпен қарауға үндеу сияқты қаламгерлік шеберліктің белгілерін саралау арқылы сол кезең әдебиетіндегі жазушы сатираларының өзіне тән қасиеттерін нақты бағалауға талпыныс жасалады. Гуманист жазушы туындыларындағы дәуірдің шынайы көрінісі, феодалдық қоғамның озбырлығын әшкерелеу, жаңа туып келе жатқан буржуазиялық қоғамның келеңсіз жақтарына сыни тұрғыда баға беру сипаттары талданады.

Ғылыми жаңалығы: Эразм Роттердамский туындыларындағы тақырып пен мазмұн ерекшеліктері, діни-аскеттік саясатқа қарсы қаламгердің сыншыл көзқарастары талданады. Шығармаларының XVI ғасырдағы Еуропа әдебиетіндегі орны анықталады, құрылымы, даму деңгейі қарастырылады, олардың әрқайсысына нақты сипаттама беріледі және қолдану әдістері сараланады.

Зерттеу материалы ретінде Еуропадағы Қайта өрлеу дәуірін қарастырған Т. В. Ильина, С. Д. Серебряный, Д. М. Зарецкая, В. В. Смирнова, Г. В. Драч, Ж.Т. Қобланов сияқты орыс және қазақ ғалымдары еңбектеріне сүйендік. Аталған осы еңбектер арқылы зерттеудің негізгі бағыттары анықталды. Орта ғасырлардағы Еуропа әдебиетіндегі Қайта өрлеу көрінісін, көркем шығармашылықтың табиғатын қарастыратын шетелдік ғалымдардың жұмыстарына көп көңіл бөлінді. Оларды талдау және жүйелеу әдеби шығармашылықтың танымдық аспектілерін, атап айтқанда әдеби үдерістерді зерттеуге деген көзқарас қағидаттарын дамытуымызға оң әсер етті. Мақалада герменевтикалық, психологиялық, тарихи-салыстырмалы әдістер кең түрде қолданылды. Еуропадағы Қайта өрлеу тенденцияларының Эразм Роттердамский шығармаларындағы көрінісін, шығармалардағы поэтикалық элементтерді зерттеп пайымдау үшін тарихи-функционалдық әдісті пайдаландық. Бұл әдіс көркем шығармадағы оқырмандық нұсқалардың тарихи динамикасындағы әдебиеттің қызметін, сондай-ақ авторлардың беделін зерттейді. Психологиялық әдісті пайдалану арқылы кейіпкер мен автордың ішкі сезім иірімдері мен тәжірибелерін тереңірек ашып көрсетуге ұмтылдық. Герменевтикалық әдіс гуманистік сипаттағы шығармалардың идеялық-тақырыптық мазмұнын қалыптастыруға ықпал етті. Осы әдісті қолдану авторлық тұжырымдаманың мәні мен мағынасын тереңірек ашуға мүмкіндік берді. Салыстырмалы-тарихи әдісті қаламгердің дүниетанымындағы жақындық пен айырмашылықты анықтауда пайдаландық. Бұл әдісті қолдану Эразм Роттердамскийдің өз шығармасында бейнеленетін көзқарастарының ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.

**Талқылау.** Орта ғасырлық феодалдық қоғам жағдайында туып, қалыптаса бастаған жаңа капиталистік қатынастар Батыс Еуропада Қайта өрлеу (Ренессанс) қозғалысына негіз салды. Жалпы мәдениет тарихында Ренессанс атауымен аталатын бұл қозғалыс алғашында Италия мемлекетінде (XIV ғасыр), кейншелік көп ұзамай Еуропаның өзге аймақтарында да басталды. “Ренессанс терминін алғаш рет XVI ғасырдағы сәулетші, суретші және өнертанушы Джорджио Васари Батыс Еуропадағы буржуазиялық қатынастар дамуының алғашқы кезеңімен шартталған тарихи дәуірді анықтау үшін енгізді. Қазіргі мағынасындағы бұл терминді XIX ғасырдағы француз тарихшысы Жюль Мишель қолданысқа енгізген” болатын [1,90].

Өнімді өндіру негіздерінің жаңа көріністері - мануфактураларға өту, жаңа географиялық жетістіктер (Үндістанға теңіз жолының орнатылуы, Америка құрлығының ашылуы), дүниежүзілік сауда-саттық саласының дамуы, жаңа ұлттық мемлекеттердің

қалыптасуы, халық көтерілістері, шаруалар соғысы, қоғамдық сана өмір мен қоғамдық тұрмыста көптеген өзгерістерді туғызған еді. Адамның табиғи талаптары мен еркіндігін қорғайтын гуманистік қозғалыс пайда болды. Діни қағидалар мен шектеулерден тыс реалистік бағыттағы ілкі антикалық мәдениетке, өнерге қызығушылық күшейе түсті.

Бұл дәуірді француздар “ренессанс”, ал немістер болса “реформация” деп атағанымен, оның шынайы мазмұнын сол атаулардың ешқайсысы нақты аша алмайды. Византия империясы күйреген соң сақталып қалған көне қолжазбалар, Римнен қазып алынған ежелгі антикалық мұралар дағдарысқа ұшыраған кәрі Батыстың көз алдына жаңа дүниені - антикалық грек әлемін алып келді; осы тылсым әлемнің жарқын бейнелері қасында орта ғасырлық туындылар ажарсыз көрініп, мүлдем көмескіленіп қалды; Италия жерінде мәдениет айтарлықтай дәрежеде ерекше гүлденді, бұл жағдай ежелгі заманның классикалық жарық шашушы шұғыласы болды һәм бұдан соң оған қол жеткізу тіпті мүмкін болмады. Франция, Италия және Германия елдерінде қазіргі, жаңа дәуір әдебиеті туды. Көп ұзамай Испания мен Англияда классикалық әдебиет пайда болды. “Бұл дәуірдің айрықша белгісі – мәдениеттің зайырлылығы және оның антропоцентризмі (яғни, ең алдымен адамға және оның қызметіне деген қызығушылық)” [2,323].

Бұл өзгеріс - сол дәуірге тән болған адамзаттың басынан өткен өзгерістердің арасындағы ең үлкен прогресшіл өзгеріс болды, жаңа қаһармандар қажеттілігін тудырған және жігер-қайраты, күші, жан-жақты білімділігі, мінезі өзіне сай кейіпкерлерді дүниеге әкелген жаңа дәуір еді.

Қайта өрлеу дәуіріндегі мәдениеттің маңызы оның шіркеу мен феодалдық құрылысқа қарсы жүргізген табанды, батыл күрестерімен ерекшеленеді. Озық ойлы, білімді азаматтар христиан дініне, мистика, схоластика, аскеттік пен әрқандай озбырлықтарға, қанаушылыққа қарсы аяусыз күресті. Қарапайым адамның еркіндігі және оны надандық ордасы болған орта ғасырлық дін шырмауынан құтқару мен әлемдік мәдениетті қалыптастыру үшін өз жігері мен білімін сарп еткен осындай жанкешті қаһармандар өздерін гуманистер деп атаған еді. Гуманист сөзі латын тілінде *humanus*, яғни адамгершілік деген мағынадан келіп шыққан. “Гуманистердің басым көпшілігі қаңырап қалған провинциялық қалашықтардағы кедей отбасылардан шыққан еді. Бірақ олар өздерін (кейінгі заман терминологиясында) рухани ақсүйектер деп санады. Гуманистер саясатпен, философиямен, шешендік өнермен, этикамен, әдеби-тарихи мұраларды, көне қолжазбаларды зерттеумен, педагогикамен, білім берумен айналысты. Олардың белсенді және жан-жақты өмір сүруі барысында ойлаудың жаңа ерекше түрі – Қайта өрлеу гуманизмі қалыптасты” [3,142].

Батыс Еуропада Қайта өрлеу дәуірі буржуазиялық мәдениеттің пайда бола бастауымен де ерекшеленеді. Дағдарысқа ұшыраған феодалдық қатынастар орнын енді жаңа буржуазиялық қатынастар иелей бастады. Бірақ Қайта өрлеу дәуіріндегі буржуазиялық қоғамның алғашқы белгілері әлсіз еді. Сол дәуірдің озық ойлы зиялылары капиталистік қатынастар мен жұмыссыздықтың апатты салдарын әлі де болса сезіне қоймаған болатын. Сол себепті Қайта өрлеу дәуіріндегі гуманистер туып келе жатқан жаңа қала буржуазиясының мүдделеріне шырматылып қалмай, феодалдар мен христиан шіркеуінің құрсауындағы кедей бұқара халықтың арман-тілегін, мақсат мүдделерін де бейнелейді. Гуманистер жаңа пайда болып келе жатқан капиталистік озбырлықты да аяусыз сынға алады. Қазіргі күндегі буржуазиялық үстемдіктің негізін қалаған адамдар, кім болса да, тек ғана буржуазия мүдделерімен шектеліп қалған жандар емес болатын. Керісінше, олар жаңа күрестерге құлшынған, жаңа заманға тән болған рухты, батыл адамдар рухымен шабыттанған еді... Ол кезеңнің қаһармандарына тән болған ерекше нәрсе, олардың барлығы да өз заманының мүдделерімен өмір сүреді, жалынды күрестерге жан аямай араласады, қандай да бір партияны қолдап, кейбірі өткір қаламымен, кейбірі қылыш-найзасымен, кейбірі ұятты сөзімен қаруланып шайқасты.

Феодалдық озбырлықтар мен қанаушылық, зұлымдыққа қарсы болған ұлт-азаттық әрекеттері, халық қозғалыстары Қайта өрлеу дәуірінде туған гуманизмнің нағыз демократиялық негізде қалыптасуына, дамуына үлкен ықпал етті. Қайта өрлеу дәуірінің ең негізгі ерекшелігі - адамды ұлықтау, қоғам мен табиғатты қарапайым адамның талаптар-мұраттарын қанағаттандыруға бағыттау болды. Христиан шіркеуі бұқара адамның қасиет-қадірін, арман-ойларын мойындамады, оның өмір, тұрмыс қуаныштарынан ләззат алу талабын - құнаһарлық, ал сана мен ақыл билігін адамды азапты апатқа алып баратын қатерлі, қорқынышты жол деп айыптаған сол дәуірде Қайта өрлеу қозғалысы, керісінше, қарапайым адамның әлеуметтік тұрғыдан да, рухани тұрғыдан да, азат, еркін болу идеясын қолдап, қорғады, оның қасиет-қадірін, қабілеті мен ойын құрметтеді. Қайта өрлеу дәуіріндегі гуманизм адамға бұрын болмаған жаңаша көзқарастарда болуымен қатар, сол адамның ішкі рухани еркіндігіне, бостандығына кедергі болатын әрқандай тосқауылдарға, схоластикаға, догматизмге ымырасыз қарсы шықты. Қарапайым адамды идеал санау, адамды табиғаттың жараушысы, жанды бөлшегі сипатында көрсету қаһармандар қажет болған сол дәуірдің қайсар рухына сай болатын.

Қайта өрлеу кезеңінің тағы да бір елеулі ерекшелігі оның ежелгі мәдениетке қызығушылығынан айқын көрінеді. Гуманистер көне дәуірлерге қайта оралу мақсатында емес, бәлкім өздерінің ойлы, озық пікірлерін негіздей түсу және келешекке үлкен сеніммен қадам басу мақсатында антик дүниедегі талантты, тарлан қаламгерлердің туындыларына жүгінеді.

Гуманистер жалпы “антиктілікті” емес, ал оның қалыптасқан классикалық кезеңін, Рим республикасының аяғы мен императорлық биліктің тарих үлкен сахнасына шығуы кезеңіндегі мәдени жәдігерліктерді жан-жақты игерді. Гуманистер грек және рим әдебиеті жанрларының тек сан түрлі тәсіл-әдістерін ғана емес, олардың күрделі мазмұны мен тарихи тегіне де ерекше назар аударды.

Христиандық дінің мазмұнын қасақана бұзып көрсеткен шығармалардың бастапқы мәтіндерін қалпына келтіре отырып, олардың мазмұнын екшейді. Константинополь құлағаннан кейін (XV ғасырда), сол жерден бас сауғалап қашқан грек оқымыстылары Италия еліне көп қолжазбаларды алып келді. XV ғасырдың 2 жартысында антикалық рим және грек ақындары Гомер мен Вергилийдің дастандары, Платон мен Аристотельдің шығармалары жария бола бастады. Батыс Еуропаның үлкен қалаларында ашылған алғашқы университеттерде ілкі замандағы ескі тілдермен (грек, иуда, латын) зерттеп, үйренетін арнайы кафедралар құрылды. Көне өнер пен мәдениетті үйрену феодалдық зұлымдыққа, озбырлыққа, христиандық дін мен оның саясатына қарсы күрестерде маңызды қызмет атқарды.

Қайта өрлеу дәуірі ерекшеліктерінің бірі - гуманистік әдебиеттің тууы және оның реалистік мазмұнда дамуында. Ірі қаламгерлер ықшам, жетілген пішіндерге, антикалық әдеби жәдігерліктерге қызықты, орта ғасырлардағы бұқара халық поэзиясындағы және ежелгі әдебиет нұсқалардағы бейнелеудің халықтық әдіс-тәсілдерін байқайды. Осындай нұсқалардан әділеттік пен теңдік үшін күрес тақырыптарын алып, пайдаланады.

Қайта өрлеу дәуіріндегі реализм шіркеу мен дін аскеттігінен бөлінген күйдегі қиял-ғажайыптарды да кең қолданды. Яғни, оқиға қалай болса, жәл сол күйінде суреттемей, шынайы бейнелер қиял-ғажайып бояулармен суреттелді. Фольклорлық мотивтерден, халықтық дәстүрлерден орынды пайдалану үлкен гуманистер шығармашылығының толысуына, кемелденуіне мүмкіндік туғызды.

Қайта өрлеу дәуіріндегі гуманизмнің әлеуметтік, таптық тұрғыдаан шектелгендігі оның дағдарысқа ұшырауын жеделдетті. Католиктік-феодалдық қуғындау, қудалау негізінде көптеген қаламгерлер төңкерістік әрекеттерде қол үзіп, мазмұнсыз, өзексіз мәселелермен айналысып, сараланған бір топ адамдар мүддесін қолдайтын қорғаушыларға айналады. Олардың шығармаларындағы өзіндік ұлттық келбет, мазмұн жойылады, гуманистік мүдде



мен мақсат аясы тарылады, ескі әдебиет нұсқаларына толық бой ұру осы қаламгерлерді жасандылыққа алып келді. Мұның барлығы да гуманистік қозғалыстың дағдарысын сипаттайтын құбылыстар еді.

**Нәтижелер.** Нидерландия еліндегі әдебиеттің қалыптасу, даму тарихының өзіне тән болған ерекшеліктері бар. Нидерландия мемлекеті Батыс Еуропа мен Солтүстік Еуропаның ортасындағы негізгі сауда жолында орналасқандықтан, экономикалық тұрғыдан қарқынды дами бастады. Осы жағдай Нидерландия елінің ұлттық бірлігін одан сайын нығайта түсті. Кальвиншілдік (протестанттық) арқасында келген Қайта өрлеу қозғалысы нәтижесінде Голландияда республикалық құрылыс пайда болды. Кальвиншілдік дін тонын жамылған буржуазиялық саясаттың айқын көрінісі еді. Сол себепті Жан Кальвин байлық жинауды, шектеушілікті ұсынумен қатар, адам еңбегін қанау мен өсімқорлықты да қолдады. Тағдыр жайлы оның ілімінде “туғаннан бастап адамның маңдайына ғұмыр бойы азап тарту, яки бақытқа ие болу жазылған, дегенмен ол адам соның қайсысы бұйыратынын білмейді, оны тек көзге көрінбейтін, жасырын экономикалық күштер ғана шешеді”, дейді Кальвин. Оның осы ілімі “бәсеке мен саудада адам баласының жолы болуы немесе болмауы сол адамның күші мен әрекетіне байланысты емес, одан тыс жатқан құбылыстарға тәуелді” деген пікірді діни тұрғыдан негіздеп беру болатын. “Кальвинизм кейін бірқатар ағымдар мен протестанттық секталардың (пресвитериандар, конгрегацияшылдар, пуритандар, баптистер, адвентистер) тууына негіз болды” [4,247].

Кальвинизм Нидерландия елінде католик шіркеуі мен испан озбырлығына қарсы ұлт-азаттық әректің басталуына негіз болды. Бірақ тәуелсіздік, егемендік үшін болған соғыстар нәтижесінде Голландияның бір ғана өлкесі азаттық алды.

XIII-XIV ғасырларда шаруашылық жағдайы нығая түскен Нидерландияның қалалары сол дәуірдегі Италияның дамыған қалаларына өте ұқсас еді. Сондықтан да XV ғасырда Нидерландия жерінде Қайта өрлеу әдебиеті мен мәдениеті мен әдебиеті туды.

Нидерландияда гуманизм Қайта өрлеу (реформация) қозғалысымен бір кезеңде дүниеге келді. Антикалық қаламгерлердің туындыларын үйрену және оларды аудару басталды. Антикалық көне драматургия мен поэзияға негізделген туындылар жазылды. Гуманистер өздері ұстанған бағыттарымен католик діні шіркеуінің ілімдеріне ымырасыз қарсы шықты.

XVI ғасырдың бас кезінде өмір сүрген нидерландиялық гуманист Роттердамский Эразмнің Еуропа мәдениеті мен әдебиеті тарихында ерекше орынға ие. Эразм Роттердам қаласында дүниеге келді. Ата-анасынан жастай жетім қалған ол монастырға баруға мәжбүр болды. Эразм бұл жерде антикалық қаламгерлердің шығармаларын айрықша қызығушылықпен оқыды. Монастырдағы екіжүзді алаяқтардың жағымсыз іс-әрекеттері жасөспірім баланың нәзек жүрегінде діни надандыққа қарсы жиіркеніш сезімін оятты.

Эразм Роттердамский монастырдан біржола кетіп, Париж қаласына барып оқуын ары қарай жалғастырады. Оның әртүрлі ежелгі данышпандар еңбектерінен іріктеп, сайлап алынған мысалдар, мақалдар, даналық сөздерден құралған алғашқы жинағы (“Adagia”) 1500 жылы жарияланды. Осы жинағы арқылы Эразм Роттердамский үлкен даңққа ие болды. Эразм Роттердамский енді Еуропаны бойлап, ұзақ саяхатқа шығады. Англия жерінде ол даңқты “Утопия” шығармасын жазған Томас Мормен кездесіп, дос болады. 1506 жылы Италияға сапарға шығады. Мұнда келген соң Эразм да Петрарка сияқты көне дүние жазушыларының белгісіз қолжазбаларын іздеп, тауып, үйренуді мақсат қылады, Осындағы Турин университетінде докторлық ғылыми дәрежесін алады. 1509 жылы Рим қаласына келеді. Медичи Жованни кардинал және басқа да таныс адамдар Эразмды Римде қалуға үгіттейді. Англия мемлекетінде Генрих VIII таққа отырғанын естігесін, ол бұл ұсынысты қабылдамайды, себебі Англиядағы гуманистер Генрих VIII өте әділетті монарх деп ойлап, оған үлкен үмітпен қараған еді.

1509 жылы Рим қаласынан Англияға жолға шыққан Эразм Роттердамский жолда “Ақымақтыққа мақтау сөз” атты сатиралық туындысын жазуға кіріседі. Классикалық

филологиямен қоса алғашқы христиандық тарихын зерттеумен шұғылданған Эразм Роттердамский “Інжілдің” грек тіліндегі тексін қайтадан қарап, оның жаңа латын тіліндегі тәржімасын жариялайды. Эразм Роттердамскийдің киелі кітаптарға байланысты айтқан сыны Қайта өрлеу қозғалысының (Реформацияның) қолындағы күшті, жойқын қару болып, католик шіркеуінің ілімдері мен беделіне орасан зор нұқсан келтіреді. Дегенмен, Эразм Роттердамский неміс реформаторларына қосылған жоқ. Әлемдік гуманистік мәдениеттің ең ірі өкілі болған ғалым өзінің идеяларынан туындайтын қорытындылар мен нәтижелерге оншалықты қызыға қоймады. Лютераншылдықтың гуманизмге бітіспес дұшпандығы айқын біліне бастағанда Эразм Роттердамский протестанттыққа жиіркенішпен қарап, Лютермен келісім жүргізе бастайды. Католик шіркеуі протестанттықтан біржола қол үзген Эразм Роттердамскийге риза болғанымен, “Ақымақтыққа мақтау сөз” сияқты сатиралық шығарма авторына оншалықты сенбеді.

Эразм Роттердамский едәуір уақыт Оксфорд университетінде дінтану мен грек тілінен дәрістер оқыды. “Інжіл” текстеріне тіл тұрғысынан сын пікірлер айтады. Осыдан кеіні Эразм Роттердамский Еуропаны бойлап, қайтадан саяхатын жалғастырады. Базел қаласында уақытының көп бөлігін өткізеді.

Эразм Роттердамскийдің ізінде қалған әдеби мұрасы мол. Бұл мұраны бүгінгі күнге дейін жалпы мәдени, әдеби тіл саналып келген латын тілінде жазылған шағын хаттар, антикалық шығармалардың баспада жарық көрген сыншыл бағыттағы текстері, прозалық және поэзиялық шығармалар, негізінен педагогика, дін және тілге қатысты еңбектерді қамтиды (“Хат жазудың мәдениеті”, “Христиандық жауынгердің қолданбалы құралы”, “Сұқбаттар”, “Баяндау өнерінің байлығы”, “Христиандық неке туралы” және тағы басқалар). Қаламгерге ерекше даңқ алып келген әдеби туындысы – “Ақымақтыққа мақтау сөз” (1509) атты сатирасы, яғни Еуропадағы алғашқы гуманистік әдебиеттің нағыз таңғажайып үлгісі. “Эразм Роттердамский ежелгі және ерте христиандықтың мәдени дәстүрлерін синтездеуге тырысты. Ол адамның табиғи ізгілігіне сенді, адамдардың ақыл-ой талаптарын басшылыққа алуын қалады; Эразмның рухани құндылықтары арасында - рух еркіндігі, әділеттілікті қорғау, білім, қарапайымдылық жатыр” [5, 395].

Эразм Роттердамскийдің сатиралық туындылары екі көркемдік дәстүр әсерінде жазылған еді. Оның біріншісі – антикалық көне әдебиетте “Мақтау” пішінінде туған сатиралық туындылары болса, екіншісі - сол дәуірде Батыс Еуропалық қалаларда кеңінен тараған карнавал түріндегі халықтың ұлттық ойындары, әсіресе, Германия жерінде кең өріс алған «ақымақтық пен сотқарлық туралы» сатиралық туындылар. Бұл сатиралық туындылар неміс халқының гуманисті Брант Себастьянның “Надандар кемесі” кітабымен үндес болатын. Эразм Роттердамский сол кезеңдегі қоғамдағы келеңсіз әрекеттерді аяусыз әшкерелеп, жағымсыз қылықтарды сан түрлі көріністер арқылы әжуалайды.

Туындының қаһарманы Ақымақтық деп аталатын бикеш өзін “бүкіл әлем әміршісімін” деп санайды. Осы кеудемсоқ ханым істеген әрқандай жақсылықтарын білмейтін және оған мақтау сөз айтпаған адамдарға ренжіп, шарасыздықтан өзін-өзі мақтай бастайды. Бұл ханым “Егер сені ешкім мақтамаса, сен өзінді-өзің мақтай бер” деген ойға келеді. Кіріспеде Ақымақтық ханым өзінің текті династиядан тарағандығын айтады. Арғы атасы Орк те, Хаос та, Иапет те, Сатурн да, басқалар да емес; оның атасы Плутос (Плутос – грек аңызындағы екі көзі соқыр байлық құдайы). Өзінің киелі, қасиетті, текті әулеттен екендігін айтып мақтанған Ақымақтық, әлемдегі жақсылықтың барлығы өзінің жомарттығының, сақилығының нәтижесі деп бөседі. Опасыздықты, жағыспаздықты және аярлықты өзінің көмекшілері санайды. Ханымның серіктері түрлі тайпа мен кәсіп өкілдері ретінде хикаяланады; бірінші қатарда жас жеткіншектердің басын болмашы, керексіз нәрселермен қатыратын “данышпан тілшілер”, заңды өте көп “білетіндігімен” анық, дұрыс мәселелерді де өңін айналдырып, шатастырып жіберетін заңгерсымақтар, “ұзын сақалдарымен” білімді болып көрінетін, ақиқатында көп нәрседен бейхабар дүмше философтар және схоластика мектебінің өзге де өкілдері тұрады.

Сатиралық туындыда орта ғасырлық христиандық католик шіркеуі мен діни ілімдер де аяусыз сынға алынады.

Маскүнем монах пен оның көмекшілері, корольдермен байлық жинауда бәсекеге түскен папа, епископтар мен кардиналдар да қаламгердің назарынан тыс, қалыс қалмайды. Олар қарапайым бұқара халыққа озбырлық, зұлымдық жасайды. Папалар мен кардиналдар “Барлық тауқымет пен қасіретті Павел мен Петрдің мойнына жүктеп”, “атақ-абыройды, байлықты өздері иемденеді”.

**Қорытынды.** Ұлы ғалым, гуманист ретінде Эразм Роттердамский орта ғасырдағы феодалдық заңдарды, Рим папасының залымдығын, озбырлығын, надандығын үлкен ерлікпен әшкерелеп, масқаралайды. Эразм жаңа туып келе жатқан буржуазияның да келеңсіз, залалды жақтарын байқады. Сатираның бас кейіпкері Ақымақтықтың байлық құдайы соқыр Плутостың немересі болуы да бекер болмаса керек. “Бейбітшілік, соғыс, мемлекеттік билік, сот, кеңес, неке, халық мәжілісі, одақ, ойын, мәдениет, ғылыми еңбектер...барлығы да оған бағынышты, оған тәуелді”[6,215]. Ақша мен алтын билеп-төстеген заманда адамгершілік, рухани қасиеттер аяққа тапталады. Сондықтан қаламгер, әсіресе саудагер байларды қатты сынайды. Себебі, “саудагерлер - ең жиіркенішті, тойымсыз, қорқау, надан адамдар, олар өз алдына тек баю мақсатын ғана қойып, оны жаман әрекеттер болған өтірік ант ішу, алдау, айла жасау, ұрлық жолдарымен жүзеге асырады, алтын жүзіктерді қолдарына таққандары үшін де олар өздерін жоғары, биік сатыдағы керемет адамдармыз деп ойлайды”[7, 149].

Ұлы қаламгер Ақымақтық басқаратын және байлыққа негізделген қоғамның бет пердесін жұлып тастап, сол қоғамдағы озбырлықты, екіжүзділікті, надандықты әшкерелейді. Жазушы “адамдар тағдыры, бүкіл қоғам өмірі Ақымақтықтың ойнайтын ермегі емес” деп халықтың болашағына, еркіндігіне араша түсіп, қорғайды.

“Ақымақтыққа мақтау сөз” туындысы - орта ғасырлық заңдар, папа мен феодалдар, шіркеу князьдері, схоластикалық, догмалық ілімдер, байлықты көксеген басқа да алаяқ адамдарды сынаған гуманистік туындының озық үлгісі.

Өз замандасы Томас Мор сияқты Эразм Роттердамский халықтың келешегі туралы саяси бағдарлама дайындап бере алмаса да, жауыздық пен надандық өршіген діни ілім мен ескі қоғамға қарсы шыққан сатиралық мазмұндағы өте құнды туынды болды.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Ильина Т. В. *История искусств. Западноевропейское искусство: Учебник.* - Москва: Высшая школа, 2000. – 368 с.
2. Серебряный С. Д. *История мировой культуры: Наследие Запада: Античность. Средневековье. Возрождение. Курс лекций.* Москва, 1998. – 429 с.
3. Зарецкая Д. М., Смирнова В. В. *Мировая художественная культура. Западная Европа и Ближний Восток. Учебное пособие.* – Москва, 2000, – 344 с.
4. Драч Г. В. *Культурология. Учебное пособие для вузов. Ростов на Дону.* – Феникс, 1997. – 576 с.
5. *Антология мировой философии: Возрождение.* – Москва: ООО Издательство АСТ, 2018. – 928 с.
6. Қобланов Ж.Т. *Шетел әдебиетінің тарихы. 3 том.*–Алматы: Лантар Трейд, 2020.– 491б.
7. Роттердамский Э. *Похвала глупости.* – Москва: ООО Издательство АСТ, 2018. – 224 с.

#### *References:*

1. Ilina T. V. *İstoria iskustv. Zapadnoevropeiskoe iskustvo: Uchebник.* - Moskva: Vysshaia şkola, 2000. – 368 s.
2. Serebränyi S. D. *İstoria mirovoi kültury: Nasledie Zapada: Antichnost. Srednevekovye. Vozrojdenie. Kurs leksi.* Moskva, 1998. – 429 s.

3. Zareskaia D. M., Smirnova V. V. *Mirovaia hudojestvennaia kültura. Zapadnaia Evropa i Blijni Vostok. Uchebnoe posobie.* – Moskva, 2000, – 344 s.
4. Drach G. V. *Külturologia. Uchebnoe posobie dlä vuzov. Rostov na Donu.* – Feniks, 1997. – 576 s.
5. *Antologia mirovoi filosofii: Vozrojdenie.* – Moskva: OOO İzdatelstvo AST, 2018. – 928 s.
6. Qoblanov J.T. *Şetel ädebietiniñ tarihy. 3 tom.*–Almaty: Lantar Treid, 2020.– 491b.
7. Rotterdamski E. *Pohvala gluposti.* – Moskva: OOO İzdatelstvo AST, 2018. – 224 s.

**ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ  
PEDAGOGI AND METHODOLOGI PROBLEMS**

МРНТИ 14.25.09

10.51889/6590.2022.12.84.004

*Жумашева А.Ш.<sup>1</sup>, \*Жетпісбай Ә.Қ.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup> «Торайғыров университет» КЕАҚ, Павлодар, Қазақстан  
филология ғылымдарының докторы, профессор, anara-zhash@mail.ru  
<sup>2</sup> «Павлодар педагогикалық университеті» КЕАҚ, Павлодар, Қазақстан  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент, a\_kanzhygaly@mail.ru*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚОЛДАНБАЛЫ БАКАЛАВРИАТ БІЛІМ  
БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ҚҰРУ МӘСЕЛЕСІ ХАҚЫНДА**

*Аңдатпа*

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында білім беруді жаңғырту жағдайында қолданбалы бакалавриат үшін білім беру бағдарламаларын әзірлеу мәселесі өте өзекті болып отыр.

Мақалада мамандарды даярлаудағы еңбек нарығының заманауи талаптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасында бакалавриаттың қолданбалы бағдарламаларына білім беру бағдарламаларын құру мен енгізу мәселесі талқыланады, олардың теориялық және әдістемелік негіздерін әзірлеу қажеттілігі негізделеді, қолданбалы бакалавр дәрежесін қолдаудың нормативтік-құқықтық базасының мәселелері талданған.

Нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау мен шетелдік тәжірибелерге сүйене отырып, бакалавриаттың қолданбалы бағдарламаларына білім беру бағдарламаларын енгізудің шетелдік тәжірибесін зерделеу негізінде оларды Қазақстан Республикасында енгізу және табысты қызметмүмкіндіктері қарастырылады.

Авторлар пікірінше, қарастырылып отырған мәселені жүзеге асырудың бір жолы - ҚР Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыру конкурсы аясында жүзеге асырылатын ғылыми жобаны әзірлеу мен енгізу. Жұмыста Павлодар қаласындағы Б.Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледж базасында «Қазақстан Республикасындағы ТЖКБ ұйымдары үшін қолданбалы бакалавриатқа арналған білім беру бағдарламаларын жобалаудың теориялық және әдістемелік негіздері» тақырыбындағы ЖОО ғалымдарының ғылыми жобаны іске асыру мүмкіндіктері көрсетілген. Қолданбалы бакалавриатқа арналған білім беру бағдарламасының моделін әзірлеу мақсатында Б.Ахметов атындағы Жоғары педагогикалық колледжде жүргізілген педагогикалық экспериментті жүзеге асыру осы бағдарламаларды қазіргі Қазақстанның оқу үрдісіне енгізуге ықпал етеді.

Қорытындылай келе, авторлар жоба аясында жүргізілген зерттеулердің нәтижелері мен алынған эксперименттік мәліметтер Қазақстан Республикасындағы педагогикалық білімді жаңғыртуға елеулі үлес қосады деген қорытындыға келді.

**Түйін сөздер:** бакалавр, қолданбалы бакалавр, қолданбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламасы, білім беруді жаңарту, білім беруді реформалау, білім беру бағдарламасының моделі.

Жумашева А.Ш.<sup>1</sup>, \*Жетписбай А.К.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> НАО «Торайгыров университет», Павлодар, Казахстан  
доктор филологических наук, профессор, anara-zhash@mail.ru

<sup>2</sup> НАО «Павлодарский педагогический университет», Павлодар, Казахстан  
кандидат филологических наук, доцент, a\_kanzhygaly@mail.ru

## О СОЗДАНИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ ПРИКЛАДНОГО БАКАЛАВРИАТА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

### Аннотация

В настоящее время в условиях модернизации образования в Республике Казахстан весьма актуальной становится проблема разработки образовательных программ прикладного бакалавриата.

В статье рассматривается проблема создания и внедрения образовательных программ прикладного бакалавриата с учетом современных требований рынка труда к подготовке специалистов, обоснована необходимость разработки их теоретико-методологических основ, анализируются вопросы нормативной базы сопровождения прикладного бакалавриата в Республике Казахстан.

На основе анализа нормативно-правовых документов и изучения зарубежного опыта реализации образовательных программ прикладного бакалавриата на примере различных стран рассматриваются возможности их внедрения и успешного функционирования в Республике Казахстан.

По мнению авторов, одним из путей реализации рассматриваемой проблемы является разработка и внедрение научного проекта, реализуемого в рамках конкурса грантового финансирования МОН РК. В работе освещаются возможности реализации учеными вузов научного проекта на тему «Теоретико-методологические основы проектирования образовательных программ прикладного бакалавриата для организаций ТиПО в Республике Казахстан» на базе Высшего педагогического колледжа им. Б.Ахметова г. Павлодара. Реализация педагогического эксперимента, проводимого в Высшем педагогическом колледже им. Б.Ахметова с целью разработки модели образовательной программы прикладного бакалавриата, будет способствовать внедрению данных программ в образовательный процесс современного Казахстана.

В заключение авторы пришли к выводу о том, что результаты исследования, проведенного в рамках проекта, и полученные экспериментальные данные внесут значительный вклад в модернизацию педагогического образования Республики Казахстан.

**Ключевые слова:** бакалавриат, прикладной бакалавриат, образовательная программа прикладного бакалавриата, модернизация образования, реформирование образования, модель образовательной программы.

Zhumasheva A.Sh.,<sup>1</sup> \*Zhetpisbay A.K.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>“Toraighyrov University” NPJSC, Pavlodar, Kazakhstan  
Doktor of philological sciences, Professor, anara-zhash@mail.ru

<sup>2</sup>Pavlodar Pedagogical University NPJSC, Pavlodar, Kazakhstan  
Candidate of philological sciences, assistant professor, a\_kanzhygaly@mail.ru

## ABOUT THE CREATION OF EDUCATIONAL PROGRAMS OF THE APPLIED BACHELOR IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

### *Astract*

Currently, in the context of the modernization of education in the Republic of Kazakhstan, the problem of developing educational programs for applied bachelor's degree is becoming very urgent.

The article discusses the problem of creating and implementing educational programs for applied bachelor's degree taking into account modern labor market requirements for training specialists, substantiates the need to develop their theoretical and methodological foundations, analyzes the issues of the regulatory framework for supporting applied bachelor's degree in the Republic of Kazakhstan.

Based on the analysis of regulatory documents and the study of foreign experience in the implementation of educational programs for applied bachelor's degree on the example of various countries, the possibilities of their implementation and successful functioning in the Republic of Kazakhstan are considered.

According to the authors, one of the ways to implement the problem under consideration is the development and implementation of a scientific project implemented within the framework of the grant funding competition of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. The paper highlights the possibilities of implementation by scientists of universities of a scientific project on the topic "Theoretical and methodological foundations of the design of educational programs for applied bachelor's degree for TVE organizations in the Republic of Kazakhstan" on the basis of the Higher Pedagogical College named after B. Akhmetov, Pavlodar. Implementation of the pedagogical experiment conducted at the Higher Pedagogical College named after B. Akhmetov in order to develop a model of the educational program for applied bachelor's degree, will contribute to the introduction of these programs into the educational process of modern Kazakhstan.

In conclusion, the authors came to the conclusion that the results of the research carried out within the framework of the project and the experimental data obtained will make a significant contribution to the modernization of teacher education in the Republic of Kazakhstan.

**Key words:** bachelor's degree, applied bachelor's degree, educational program of applied bachelor's degree, modernization of education, reforming education, model of the educational program.

**Кірісіне.** Қолданбалы бакалавриат үшін білім беру бағдарламаларын құру мәселесінің өзектілігі дау тудырмайтыны анық. Қолданбалы бакалавриат бағдарламаларын енгізу біліктілік деңгейіне сәйкес (бастауыш сынып мұғалімі, білім бакалавры, қолданбалы бакалавр) байыпты теориялық дайындықты және практикалық дағдыларды меңгеруді қамтамасыз ететін білім берудің түрлі деңгейіндегі білім беру бағдарламаларының интеграциясын қамтамасыз ететіні анық. Алайда, өзектілігіне, практикалық және теориялық маңыздылығына қарамастан, бүгінгі күнге дейін қолданбалы бакалавриат бойынша білім беру бағдарламаларының орындалуын реттейтін оқу -әдістемелік құжаттама жоқтың қасы. Күні бүгінге дейін қолданбалы бакалавриатқа арналған білім беру бағдарламаларын құрудың тұтас концепциясы анықталмай, сипатталмай отыр, соған сәйкес оларды енгізудің әдістемелік негіздері анықталмаған, дегенмен бұл олардың тәжірибеде енгізілуін қамтамасыз ету үшін өте маңызды.

Сонымен қатар, қолданбалы бакалавриат бағдарламаларын жобалау мен енгізу бойынша зерттеулердің өзектілігі кәсіптік білім беру саласындағы күрделі міндеттерге байланысты:

- қоғам мен экономиканың инновациялық даму механизмдерінің қалыптасуының толық еместігі;

- қолданбалы бакалавриат бағдарламаларын құру мәселелеріне қатысты нормативтік құқықтық базаның болмауы;

- үздіксіз білім берудің деңгейлік жүйесіне кеңінен ауысқан бакалавриат түлектерінің практикалық бағдарының төмендеуі;

- түлектердің қосымша білім алу мен қайта даярлау қажеттілігімен байланысты барлық деңгейдегі шығындардың күрт өсуі;

- жоғары оқу орындарында нарық талаптарына, кәсіби стандарттарға және түлектердің жеке ұмтылыстарына сәйкес келетін білім беру бағдарламаларын баяу енгізу;

- жас мамандардың кәсіби қызметінің талаптарына бейімделуіне қажетті уақытты қысқарту қажеттілігі;

- жас түлектер арасындағы жұмыссыздықтың алдын алу қажеттілігі.

Зерттелетін мәселенің теориялық және практикалық маңыздылығы сол, аталмыш бағдарламаларды құрудың әзірленген әдістемесі, Павлодар қаласындағы ТЖКБ ұйымдары үшін тәжірибелік-эксперименттік тексерістен өткен қолданбалы бакалавриат білім беру бағдарламаларының құрылған жобалары Қазақстан Республикасының жоғары және орта білімнен кейінгі педагогикалық кәсіптік білімінің интеграцияларына өз әсерін тигізетін болады.

Бұл жұмыстың мақсаты - Қазақстан Республикасының ТЖКБ ұйымдары үшін қолданбалы бакалавриат білім беру бағдарламаларын жобалау проблемасын талдау және бағалау, осы мәселе бойынша ғылыми жобаны іске асыру жолдарын анықтау, қолданбалы бакалавр білім беру бағдарламаларын енгізу мен жүзеге асыру мүмкіндіктерін сипаттау.

Жоба бойынша әрі қарайғы зерттеулер заңнамалық реттеуге және педагогикалық білім беру жүйесінде қолданбалы бакалавриаттың нормативті -құқықтық негізін әзірлеуге, сондай -ақ қолданбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламаларын қазіргі Қазақстанның оқу үрдісіне енгізуге ықпал етеді.

**Талқылау.** Ең алдымен, біздің тарапымыздан Қазақстан Республикасында қолданбалы педагогикалық бакалавр дәрежесін нормативті қамтамасыз ету саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарға талдау жасалды.

Зерттеудің мақсаты келесі зерттеу әдістерін қолдануға алып келді:

- сипаттау әдісі (зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми -теориялық, оқу -әдістемелік әдебиеттерді талдау және синтездеу, жүйелеу және салыстыру);

- әлеуметтік -педагогикалық әдіс (бақылау, мұғалімдермен сұхбат);

- эксперименттік (тәжірибелік-ізденіс жұмысы, педагогикалық экспериментті ұйымдастыру және өткізу).

Ұсынылған әдістер қолданбалы бакалавриат білім беру бағдарламаларын әзірлеуде ғылыми дереккөздермен жұмыс жасаудың, заманауи зерттеулердің жетістіктерін зерттеу мен өңдеудің нәтижесі болып табылады. Аталмыш мәселе Қазақстан Республикасында бұрын соңды зерттелмеген, нормативтік құжаттарда талаптарды белгілейтін заңнамалық актілер, сондай -ақ қолданбалы бакалавриат үшін білім беру бағдарламаларын әзірлеу әдістемесі жоқ. Бұл, сөзсіз, зерттеудің ғылыми жаңалығы болып табылады.

Бұл мәселе Қазақстан Республикасында іс жүзінде зерттелмеген, нормативтік құжаттарда талаптарды белгілейтін заңнамалық актілер, сондай -ақ қолданбалы бакалавриат үшін білім беру бағдарламаларын әзірлеу әдістемесі жоқ.

Қазақстандық білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында бакалавриаттың қолданбалы бағдарламалары бойынша білім беру бағдарламаларын жобалау мен енгізу мәселелері өзекті мәселеге айналды, өйткені оны шешуде мемлекеттік саясат, білім беру ұйымдары мен жұмыс берушілердің мүдделері тоғысады.



Қолданбалы бакалавриат мәселесі алғаш рет «Білім туралы» ҚР Заңында [1] көтерілді. Алайда, бүгінгі күні Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында бакалаврдың қолданбалы бағдарламасының практикаға бағытталған бағдарламаларын іске асырудың нормативтік-құқықтық базасы жоқ.

Ресей Федерациясының білім беру ұйымдарында да құжаттардың кең ауқымын жолықтыра алмаймыз. Қолда бар құжаттарда қолданбалы бакалавриат мәселесін шешудің бірізділігі жоқ, дегенмен олар білім беру бағдарламаларының негізгі артықшылықтарын анық тұжырымдайды [2,3,4,5]:

- жұмыс берушінің қажеттіліктеріне назар аудару;
- түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейту және олардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- тәжірибеге бағыттылық, оның ішінде мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт шеңберінде теориялық және практикалық дайындық балансын екіншісінің пайдасына өзгерту;

- жаңа білім беру технологияларын енгізу және қолдану (білім беру бағдарламаларын іске асырудың желілік формалары, базалық кафедралар) және т.б. [4].

Қолданбалы бакалавр дәрежесін жобалау мен енгізу мәселесін шешуге кедергі болатын объективті себептердің бірі - бұл Қазақстан Республикасында қолданбалы бакалавр дәрежесін құру инновациялық мәселе, дегенмен бұл мәселе батыс елдерінде академиялық және қолданбалы бакалавр дәрежелерінің қосындысы ретінде қалыпты саналады. Қолданбалы бакалавриат құрудағы мақсаттардың бірі - еліміздің инновациялық дамуына сәйкес келетін техникалық мектептер мен колледждердің кейбір мамандықтарын жоғары білімге теңестіре отырып, университеттік білімнің мәртебесін көтеруге деген ұмтылыс.

Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы қатынастар Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Қазақстан Республикасының Білім туралы» Заңымен, сондай -ақ білім беру мәселелерін қозғайтын заңнамалық актілердің кейбір ережелерімен реттеледі. Білім туралы заңға бағынышты нормативтік-құқықтық актілер жүйесіне Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрықтары, сондай -ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің алқа қаулылары кіреді.

Осылайша, бакалавриаттың қолданбалы бағдарламасы бойынша мамандарды даярлау орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде қарастырылған, олардың жұмыс істеуінің құқықтық негізі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының бабында қарастырылған:

- орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары орта білімді (жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік) азаматтар арасынан білікті жұмысшыларды, орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврды дайындауға бағытталған.

- білім беру бағдарламаларының мазмұны техникалық және кәсіптік білімнің интеграцияланған, модульдік бағдарламаларын және бакалавриаттың жеке пәндерін оқуды қарастырады [6].

Оқу аяқталған соң және қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін студенттерге «орта буын маманы», «қолданбалы бакалавр» біліктілігі беріледі.

«Білім туралы» Заңда былай делінген:

1. Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары колледждерде және жоғары колледждерде жүзеге асырылады.

2. Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша мамандарды даярлау мамандықтар бойынша жүзеге асырылады, олардың тізімін білім беру саласындағы уәкілетті ұйым бекітеді [1].

Айта кету керек, қолданбалы бакалавриатты ұйымдастыру принциптеріне сәйкес білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің бастамасы бойынша құрылады және еңбек

нарығындағы жағдайға тәуелді, алайда, «Білім туралы» Заңда жұмыс берушілердің құзыреттілігі көрсетілмеген, дегенмен қолданбалы бакалавр дәрежесінде жұмыс берушілердің рөлі өте маңызды. Қолданбалы бакалавриатқа қойылатын жалпы талаптар орта білімнен кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен белгіленеді. Соған қарамастан, талдау көрсеткендей, орта білімнен кейінгі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыруды ескере отырып, қолданбалы педагогикалық бакалавриаттың білім беру бағдарламаларын қалыптастыруды қарастырмайды.

Сонымен қатар, қолданыстағы МЖББС қолданбалы педагогикалық бакалавриат жүйесіндегі студенттердің оқу жүктемесінің максималды көлемі, дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды анықтамайды. Сонымен қатар, кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру мен жоспарлау механизмі жоқ болып табылады, бұл қолданбалы және академиялық педагогикалық бакалавр дәрежесінің білім беру бағдарламаларын интеграциялау принципін бұзуға алып келеді. [7].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына сәйкес лауазым атауларына келетін болсақ, қолданбалы педагогикалық бакалавриатты аяқтаған қызметкердің кәсіби дайындық деңгейін болжайтын лауазымдар жоқ. Мәселен, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыратын тәрбиеші деген лауазым бар. Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық немесе техникалық және кәсіптік педагогикалық білім және т.б.

Бұл аспектіде заңнамалық, экономикалық ынталандырушы ұйымдық сипаттағы әрекеттерді жүзеге асыруды қарастыратын техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін қалыптастыру бойынша ұсыныстар дайындау кезінде шаралар қажет. Бұл бағытта «Кәсіби біліктілік туралы» Заңды қабылдау бойынша шаралар қажет, ТЖКБ инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық базасын жаңарту, инженерлік-педагогикалық кадрлардың заманауи корпусын қалыптастыру үшін жағдай жасау бойынша шаралар қажет.

Сонымен қатар, ұйымдардың жұмыс орындарында өндірістік практикадан өту мен кәсіптік оқудан өту және ұйымдастыру бойынша міндеттемелерін заңнамалық тұрғыда бекіту қажет, студенттердің практикалық дағдыларын қолдану үшін студенттік жұмыс орындарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету, сонымен қатар өндірістегі тәжірибелі нұсқаушы-тәлімгерлерге тәлімгерлік үшін жалақыға қосымша ақы төлеу мүмкіндігін және т.б. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 140 -бабының 4 -тармағында техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына жұмыс берушінің кадрларды даярлауда, қайта даярлауда және олардың біліктілігін арттыруда көмек көрсетуіне өзгерістер енгізілді. Бұл бапта жұмыс берушінің білім беру ұйымдарына, соның ішінде қазіргі уақытта қолданбалы педагогикалық бакалавр дәрежесі бар ортадан кейінгі білім беруді жүзеге асыратын ұйымдарға қатысты көмегі қалай жүзеге асырылатыны көрсетілмеген [8].

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының мамандары атап өткендей, бүгінде Қазақстанда мамандарды аттестаттаудан өткізетін жиырмаға жуық ұйым бар, олардың бесеуі халықаралық талаптарға сәйкес жұмыс жасайды. ТЖКБ бойынша құрылған Кеңестер бүкіл ел бойынша кадрлық мәселелер бойынша негізгі шешімдер қабылдайды. Салалар мен аймақтар деңгейінде кадрларды даярлау мәселелерін шешу үшін әкімдіктер жанындағы 16 аймақтық кеңестер мен орталық мемлекеттік органдар жанындағы салалық кеңестер құрылды. Сонымен бірге олардың қызметі негізінен техникалық білім беру саласына әсер етеді [6].

Осылайша, Қазақстан Республикасының аумағындағы білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді талдау, өкінішке орай, қолданыстағы заңнамада қолданбалы педагогикалық бакалавр дәрежесін енгізу процесін толық реттемейді деген қорытынды

жасауға мүмкіндік береді. Зерттеушілер атап өткендей, қолданбалы педагогикалық бакалавр дәрежесін анықтайтын нормативтік құқықтық актілер жоқ, оқу процесін ұйымдастыру мен жоспарлау ережелері анықталмаған. Сонымен қатар, кәсіптер мен мамандықтар жіктеуші бакалаврдың қолданбалы деңгейінің біліктілігін анықтамайды, сонымен қатар жұмыс берушілермен өзара әрекеттесу механизмдерін көрсетпейді [6].

Ең алдымен, қолданбалы педагогикалық бакалавриаттың білім беру бағдарламаларын толық енгізу үшін, сондай -ақ олардың табысты жұмыс істеуі үшін бұл мәселені заңнамалық деңгейде шешу қажет, атап айтқанда, оның тиімді құқықтық қызмет етуін қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық актілерді енгізу және бекіту.

Сипаттау әдісі қолданыла отырып, зерттеудің теориялық негіздерін анықтау мақсатында ғылыми әдебиеттерге талдау жасалды.

Педагогикалық тәжірибеде бакалавриаттың қолданбалы білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен енгізудің теориялық негіздерін анықтау мен сипаттау үшін, ең алдымен, мамандарды даярлаудағы еңбек нарығының қазіргі талаптарын ескере отырып, олардың Қазақстанда және шетелдік кәсіптік білім беру ұйымдарында құру тәжірибесіне талдаудың сипаттамасын жасадық. [9].

Шетелде қолданбалы бакалавр дәрежесін әзірлеу мен енгізу бойынша жұмыс қарқыны 20 ғасырдың екінші жартысында басталды. Қолданбалы бакалавриат бағдарламаларын енгізу қажеттілігі халықаралық интеграция жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамытудың инновациялық моделін құру мақсатымен байланысты. Сонымен, Еуропада қолданбалы бакалавриат бағдарламалары негізінен кәсіптік колледждерде (Ұлыбритания, «Fachhochschulen» - Германия), мемлекеттік колледждерде (Норвегия), политехникумдарда (Финляндия), техникалық колледждерде («KOSEN» - Жапония) және басқа да осыған ұқсас оқу орындарында таратылады [10].

Алайда, ғылыми басылымдар мен әдебиеттерде түрлі елдер кәсіптік білім беруді ұйымдастыру бойынша қолданатын терминологияда біркелкілік жоқ.

Бұл бағдарламаларды құрудың өзектілігі, бір жағынан, жұмыс күшінің жетіспеушілігі мәселесімен, екінші жағынан, экономиканы нығайту қажеттілігімен байланысты. Қолданбалы бакалавриат бағдарламалары «білім беру», «құқық қорғау қызметі», «денсаулық сақтау» (әсіресе «мейірбике ісі»), «мемлекеттік қызмет» сияқты бағыттар мен профильдерде жүзеге асырылады [11].

Ағылшын тілінде «қолданбалы бакалавриат» - бұл техникалық және кәсіптік оқу орындарының деңгейіне сәйкес келетін төрт семестрлік кәсіби оқу бағдарламасын беретін орта білімнен кейінгі ТЖКБ курстары(Post-secondary VET Courses) [12].

БҰҰ бойынша кәсіптік білім берудің мақсаты - белгілі бір кәсіпте немесе кәсіптер тобында жұмысқа орналасу үшін қажетті біліктіліктің бірінші деңгейіне жету [13]. Демек, қолданбалы бакалавриат бағдарламаларының негізгі міндеті - тәжірибеге бағдарланған жұмысшыларды технологияларды (оның ішінде инновациялық) және технологиялық процестерді енгізуге, бейімдеуге, оңтайландыруға байланысты қызметке дайындау.

Финляндияда политехникумдарды біріктіру арқылы қолданбалы бакалавриат бағдарламаларын енгізу үшін 250 орта кәсіптік білім беру мекемесі (бұдан әрі - ОКБ) реформаланды және қайта құрылды. 1991 жылы кәсіптік мектептерден 22 «уақытша» политехникумдарды құру бойынша эксперименттік жоба іске қосылды, бұл кәсіптік білім беру жүйесінің күйреуіне және 1996 жылы эксперименттің сәтті аяқталуына әкелді [14].

Францияда қолданбалы немесе кәсіби бакалавриат бағдарламалары орта кәсіптік білім беру мекемелерінде - лицейлерде жүзеге асады [15]. Лицей орта білімнің екінші кезеңіне сәйкес келеді, білім беру жалпы 3 жылға созылады. Лицейлер үш түрге бөлінеді: жалпы, технологиялық және кәсіптік.

Француз университеттері 2008 жылы бакалавриаттың қолданбалы 1438 мамандығы бойынша бағдарламалар жасады. Олар өндірісте, өңдеу өнеркәсібінде және қызмет көрсету

саласында сұранысқа ие мамандықтарға сәйкес келетін 46 мемлекеттік бағытқа біріктірілді [16]. Қолданбалы бакалавриат бағдарламалары міндетті пәндер мен факультативті пәндерден тұрады, ал студенттің өзі жеке оқу жоспарын жасайды. Емтихан түріндегі қорытынды аттестаттау дәріс курсы аяқталғаннан кейін бірден және негізінен жазбаша түрде жүргізіледі. Әдетте, білім 20 балдық жүйе бойынша бағаланады [16].

Ұлыбританияда қолданбалы бакалавр дәрежесін өндірісті және жұмыспен қамту орталықтарындағы мектептерді, колледждерді, оқу орталықтарын, институттарды біріктіретін кәсіптік білім беру жүйесінде (*Further education*) алуға болады [17].

Қолданбалы бакалавриат Ресейде теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар практикалық жұмыс дағдыларын меңгеруге мүмкіндік беретін білім беру бағдарламаларын қамтиды [18]. Қолданбалы бакалавриаттың мақсаты - студенттерге оқу бітіргеннен кейін алдын ала тәжірибеден өтпей-ақ жұмысқа кірісуге мүмкіндік беру. Оқу курсы аяқталғаннан кейін дипломмен қатар тиісті жұмысшы мамандығына біліктілік санаты беріледі.

Студенттерді қолданбалы бакалавриат бағдарламасына қызықтыратын маңызды сәт - мамандық бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі. Қолданбалы бакалавриат бағдарламасында оқу кезінде студент академиялық оқудағы негізгі бөлікті үйренеді, алайда тәжірибеге көбірек бағытталады.

Қолданбалы бакалавриат бағдарламалары бойынша оқитын студенттер төрт жылдық оқу циклін аяқтамай, екінші курстан кейін орта кәсіптік білім туралы диплом ала алады. Олар жоғары кәсіптік білім (бұдан әрі - ЖКБ) бағытында оқуға түсе алады, екі жылдан соң АҚБ дипломын алып, университетте оқуын аяқтай алады. Сонымен бірге Ресейдегі қолданбалы бакалавриат бағдарламасы тек күндізгі білім беруді қамтамасыз етеді [18].

Әдетте, бакалавриаттың қолданбалы бағдарламасы бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандығы мен біліктілігі бойынша негізгі және кәсіби құзыреттіліктерді анықтауды қарастыратын құзыреттілікке негізделген тәсілге негізделген [19].

Осылайша, әлемдік тәжірибелік талдау көрсеткендей, қолданбалы бакалавриат бағдарламаларын жүзеге асыратын елдердің көпшілігінде ұзақ уақыт бойы қолданбалы бакалавр біліктілігі ұлттық біліктілік жүйесінде маңызды орынға ие.

Қолданбалы бакалавриатқа арналған білім беру бағдарламалары (бұдан әрі - ОПРБ) жұмыс берушілердің бастамасы бойынша құрылады, еңбек нарығындағы жағдайға байланысты және олардың мақсатты бағдарымен, оқу нәтижелерін бағалаудың мақсаттары мен критерийлерімен ерекшеленеді.

Қолданбалы бакалавриатқа арналған білім беру бағдарламалары (бұдан әрі - ҚБББ) жұмыс берушілердің бастамасы бойынша құрылады, еңбек нарығындағы жағдайға байланысты және олардың мақсатты бағдарымен, оқу нәтижелерін бағалаудың мақсаттары мен критерийлерімен ерекшеленеді.

ҚБББ бойынша оқыту ұзақтығы мамандыққа, оқу процесінің ерекшеліктеріне және жұмыс берушілердің талаптарына байланысты белгіленеді және әдетте екі жылдан төрт жылға дейін созылады.

Біздің ойымызша, әр түрлі елдердің мысалында бакалавриаттың қолданбалы білім беру бағдарламаларын енгізу тәжірибесін қолдану қазіргі Қазақстанның білім беру жүйесінде бұл бағдарламалардың табысты дамуы мен енгізілуіне ықпал етеді.

Павлодар қаласындағы Б.Ахметов атындағы Жоғары педагогикалық колледжде әлеуметтік-педагогикалық (бақылау, мұғалімдермен әңгіме) және эксперименттік әдістер қолданылды, аталмыш ұжым кәсіби құзыреттілікті дамытуға ықпал ететін инновациялық педагогикалық технологияларды тәжірибеде сынақтан өткізуде.

Қолданбалы бакалавриатқа арналған білім беру бағдарламаларын әзірлеу мақсатында эксперименттік әдіс қолданылды, тәжірибелік-іздену жұмыстары жүргізілді, Торайғыров университеті мен колледж арасында ынтымақтастық туралы келісім жасалды, педагогикалық

экспериментті ұйымдастыру мен өткізу мәселелері қаралды, педагогикалық экспериментті енгізу бойынша жұмыс жалғастырылды.

**Нәтижелер.** Үздіксіз білім беру принциптерін тәжірибеде қолдануға ұмтылыстың бірі Павлодар қаласындағы Б.Ахметов атындағы Жоғары педагогикалық колледжі базасында қысқа мерзімде сұранысқа ие мамандықтар бойынша мамандар даярлауға мүмкіндік беретін қолданбалы бакалавриат бағдарламаларын құру мен енгізу бойынша педагогикалық эксперимент жүргізу болды.

2018-2021 жылдарға арналған эксперименттік бағдарлама қолданбалы бакалавр білім беру бағдарламаларын тәжірибеден өткізу мақсатында жүзеге асырылды, колледж бен жұмыс берушілер арасындағы өзара қарым-қатынас, сондай-ақ еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес кәсіптік білім берудің тиімділігі мен сапасын арттыру және түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін арттыру мақсатында жүзеге асырылды.

Осылайша, «Бастауыш білім беру», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандықтары бойынша қолданбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламасын әзірлеу кезінде білім берудің тиісті біліктілікке сәйкес интеграциясы ескерілді, ол мыналарды қарастырады: белгіленген және жетілдірілген деңгейлерді тағайындау. «бастауыш сынып мұғалімі» біліктілігіне сәйкес деңгей; қолданбалы бакалавр біліктілігін беру. Біріктірілген білім беру бағдарламалары модульдердің бірыңғай базасының арқасында оқу мерзімін қысқартады. Осылайша, колледж студенттері оқу үрдісінде бір мамандық бойынша бірнеше біліктілікті (жұмыс біліктілігі, орта буын маманы біліктілігі, қолданбалы бакалавр біліктілігі) игере алады.

Эксперимент Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 26 маусымдағы № 305 «Эксперименттік режимде білім беруде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары ұйымдарда қолданбалы бакалавр дәрежесін енгізу туралы» бұйрығы негізінде бастау алған болатын, оған сәйкес Б.Ахметов атындағы педагогикалық колледжінде қолданбалы бакалавриатты эксперименталды түрде енгізу қажет болды. Эксперименттік бағдарлама «Талап» КЕАҚ (бұрынғы «Кәсіпқор Холдинг» КЕАҚ) жасаған әдістемелік ұсыныстар негізінде құрастырылды [20].

Колледж базасында қолданбалы бакалавриаттың жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу құқығына конкурстық іріктеуге қатысуға берілген өтінім негізінде облыстың білім басқармасының бұйрығымен жұмыс тобы құрылды. Павлодар қаласындағы Б.Ахметов атындағы Жоғары педагогикалық колледжінде қолданбалы бакалавр дәрежесін енгізу үшін, оның құрамына білім басқармасы, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, колледж, Павлодар қаласының №9, №25, №28 орта мектептерінің әлеуметтік серіктестері кіреді, Павлодар қаласының №35 және №38, №120, №121, №122 мектепке дейінгі білім беру мекемелері енген болатын.

Жұмыс тобы «Бастауыш білім», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандықтары бойынша эксперименттік бағдарламалардың жобаларын әзірледі.

2021 жылы «ҚР ТжКБ ұйымдары үшін қолданбалы бакалавриат бойынша білім беру бағдарламаларын жобалаудың теориялық және әдістемелік негіздері» тақырыбындағы ғылыми жобаны іске асыру шеңберінде ҚР Білім Министрлігінің гранттық қаржыландыру арқылы Б.Ахметов атындағы Жоғары педагогикалық колледж бен Торайғыров университеті арасында ынтымақтастық туралы келісім жасалды. Осы келісімге сәйкес, педагогикалық мамандықтар бойынша практикалық оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік беретін «Бастауыш білім» мамандығы бойынша қолданбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламасын құру бойынша педагогикалық эксперимент жалғастырылды.

Эксперименттік бағдарламаларды құру бойынша жұмыс 2018 жылдан бастап жұмыс оқу бағдарламаларына (ЖОБ) сүйене отырып жүргізілуде, бұл үшін орта техникалық білімге арналған бұрын тізбекті, дәстүрлі технологиялар негізінді қызмет атқарған типтік оқу бағдарламалары (ТОБ) кредиттік-модульдік технологияларға орай жасақталды. Олар

техникалық және кәсіптік білім берудің жаңартылған мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде құрастырылды [7].

Нәтижесінде «тәрбиеші көмекшісі», «бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігін және «бастауыш білім беру қолданбалы бакалавры» біліктіліктерімен «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша жұмыс бағдарламалары құрылды (бакалавриат, 2019 ж., 11 сынып негізінде).

Қазіргі кезде Торайғыров университетінің жобалық тобы Б.Ахметов атындағы Жоғары педагогикалық колледж базасында «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларын жобалау бойынша эксперименттік жұмысты жалғастыруда, болашақта «Логопедия» мамандығы бойынша қолданбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламасын әзірлеу жоспарлануда.

**Қорытынды.** Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына сәйкес мамандарды дайындау үшін қолданбалы педагогикалық бакалавриаттың білім беру бағдарламаларын енгізу қажеттілігі ҚР Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыруы бойынша «Қазақстан Республикасында ТЖКБ ұйымдары үшін қолданбалы бакалавриат бойынша білім беру бағдарламаларын жобалаудың әдістемелік негіздері» тақырыбында ғылыми жобаны қолға алып, эксперименттік тұрғыда тәжірибеден өткізуге мүмкіндік берді.

*Зерттеу тақырыбы бойынша тиісті ғылыми әдебиеттерді талдау, Қазақстан Республикасындағы педагогикалық қолданбалы бакалавриаттың нормативті қамтамасыз етілуін және шет елдердің тәжірибесін зерделеу зерттеудің теориялық негіздерін анықтауға, қолданбалы бакалавриатқа арналған білім беру бағдарламаларын жобалау ерекшеліктерін ашуға, осы мәселені жүзеге асырудың одан әрі жолдарын бағдарлауға мүмкіндік берді.*

*Зерттеудің теориялық негіздерін, оның мақсаттары мен міндеттерін анықтау Б.Ахметов атындағы Жоғары педагогикалық колледж базасында қолданбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламаларын жобалау әдістемесін әзірлеуге және эксперименттік тәжірибені іске асыруға мүмкіндік берді.*

*Қорыта келгенде, осы бағдарламаларды құрудың әзірленген әдістемесі, Павлодар қаласындағы ТЖКБ ұйымдары үшін тәжірибелік-эксперименттік бақылаулар барысында сыналған қолданбалы бакалавриат білім беру бағдарламаларының құрылған жобалары Қазақстан Республикасының жоғары және орта білімнен кейінгі педагогикалық кәсіби білім берудің интеграциясына одан әрі ықпал ететін болады деген қорытындыға келдік.*

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Закон Республики Казахстан «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 13.11.2015 г. – Астана, 2015.

2 UNESCO 2012: *Technical and Vocational Education and Training (TVET)*. <http://www.unesco.org/new/en/education/themes/education-building-blocks/technical-vocational-education-and-training-tvet/>.

3 *Education, culture and science in the Netherlands. Key figures 2002–2006. Ministry of education, culture and science in the Netherlands.*

4 Уэббинк Динанд *Поддержка студентов в Нидерландах/Динанд Уэббинк//Университетское управление.* - 2006.- №3(43).- С.90-93.

5 *Background report. Polytechnic education in Finland. 2014.*

6 Тастанова А.К.. О вопросах нормативного сопровождения прикладного педагогического бакалавриата в Республике Казахстан //Образование через всю жизнь: непрерывное образование в интересах устойчивого развития: сборник научных трудов по материалам научной конференции. / Тастанова А.К., Игнатова Е.В. – Ростов-на-Дону– Таганрог: Изд-во Южного федерального университета: в 2 т. – Т.2. – 2018. – 104 с.

7 Государственный общеобязательный стандарт послесреднего образования //О внесении изменений в приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 604 «Об утверждении государственных общеобязательных стандартов образования всех уровней образования».

8 Трудовой кодекс Республики Казахстан //газета «Казахстанская правда» от 25.11.2015 г. № 414. – ҮЗРК.

9 Жумашева А.Ш. Из опыта разработки образовательных программ прикладного бакалавриата зарубежных стран //Материалы международной научно-практической онлайн конференции «Наследие Абая в мировом духовном пространстве». /Жумашева А.Ш. – Алматы: Қайнар академиясы, 2020. – 211 с.

10 Brunello G. The effect of economic downturns on apprenticeships and initial workplace training: A review of the evidence//Journal of Empirical Research in Vocational Education and Training. OECD. 2009. No. 1.

11 D.D. Bragg, The Adult Learner and the Applied Baccalaureate: Lessons from Six States./D.D. Bragg, C.M. Ruud. 2011.

12 UNESCO 2012: Technical and Vocational Education and Training (TVET). <http://www.unesco.org/new/en/education/themes/education-building-blocks/technical-vocational-education-and-training-tvet/>.

13 Education, culture and science in the Netherlands. Key figures 2002–2006. Ministry of education, culture and science in the Netherlands. URL: <http://education.stateuniversity.com>.

14 Background report. Polytechnic education in Finland. 2014.

15 Система высшего образования во Франции. – 2013.– URL:<http://is.znanie.info/rus>.

16 Further education. URL: [http://au.encyarta.msn.com/encyclopedia\\_781538887/Further\\_Education.html](http://au.encyarta.msn.com/encyclopedia_781538887/Further_Education.html).

17 Чугунов Д.Ю. Введение программ прикладного бакалавриата в российскую систему образования: зачем и как? // Вопросы образования. /Чугунов Д.Ю., Васильев К.Б., Фруммин И.Д. – 2010. – № 4.– С. 247-267.

18 Министерство образования и науки РФ: Прикладной бакалавриат. – 2011. – URL: <http://mon-ru.livejournal.com/17014.html>.

19 Zhumasheva A. Theoretical model of development of information competence among students enrolled in elective courses //International Journal of Environmental & Science Education, /Zhumasheva A., Zhumabaeva Z., Sakenov Zh., Vedilina E., Zhaksylykova N., Sekenova B. 11(18). – 2016, 11250-11259.

20 Методические рекомендации по разработке и внедрению образовательных программ прикладного бакалавриата//НАО «Холдинг «Кәсіпқор».–Астана. – 2016. – 173 с.

#### References:

1 Закон Respubliki Kazakhstan «Ob obrazovanii» (s imeneniymi i dopolneniyami po sostoyaniyu na 13.11.2015 g. [The Law of the Republic of Kazakhstan "On Education" (with amendments and additions as of 11/13/2015)]. 2015 – Astana.

2 UNESCO 2012: Technical and Vocational Education and Training (TVET). (n.d.). <http://www.unesco.org/new/en/education/themes/education-building-blocks/technical-vocational-education-and-training-tvet/>. Retrieved from <http://>

[www.unesco.org/new/en/education/themes/education-building-blocks/technical-vocational-education-and-training-tvet/](http://www.unesco.org/new/en/education/themes/education-building-blocks/technical-vocational-education-and-training-tvet/)

3 *Education, culture and science in the Netherlands. Key figures 2002–2006. Ministry of education, culture and science in the Netherlands. (n.d.).* <http://education.stateuniversity.com>. Retrieved from <http://education.stateuniversity.com>.

4 Uebbnik Dinand.. *Podderzhka studentov v Niderlandach [Support for students in the Netherlands]* //Univerditetskoe upravlenie - University management. №3(43).-2022, P.90-93

5 *Background report. Polytechnic education in Finland. 2014.*

6 Tastanova A.K., Ignatova E.V. (2018). *O voprosakh normativnogo soprovochdeniya prikladnogo pedagogicheskogo bakalavriata v Respublike Kazachstan [On the issues of regulatory support of applied pedagogical bachelor's degree in the Republic of Kazakhstan]. Obrazovanie cherez vsu zhisn: nepreryvnoe obrazovanie v interesakh ustozhevo razvitiya: sbornik nauzhnykh trudov po materialam nauzhnoi konferenzhy - Lifelong learning: continuing education for sustainable development: a collection of scientific papers based on the materials of the scientific conference . – Rostov-na-Donu– Taganrog: Izd-va Uzhnogo federalnogo universiteta: v 2 t. – V.2. – 104 p.*

7 *Gosudarstvennyi obsheobyazatelnyi standart poslesrednego obrazovaniya [State compulsory standard of post-secondary education ] //O vnesenii izmenenii v prikaz Ministra obrazovaniya i nauki Respubliki Kazachstan ot 31 oktyabrya 2018 goda № 604 «Ob utverzhdenii gosudarstvennykh obsheobyazatelnykh standartov obrasovaniya vseh urovnei obrazovaniya»- On amendments to the order of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated October 31, 2018 No. 604 "On approval of state compulsory education standards at all levels of education".*

8 *Trudovoi kodeks Respubliki Kazachstan//gazeta gazeta «Kazachstanskaya pravda» ot 25.11.2015 g. № 414. – Y 3PK. [Labor Code of the Republic of Kazakhstan // Kazachstanskaya Pravda, 25.11.2015, № 414].*

9 *Zhumasheva A.Sh. (2020). Iz opyta razrabotki obrazovatelnykh program ptikladnogo bakalavriata zarubezhnykh stran [From the experience of developing educational programs for applied baccalaureate of foreign countries]. Materialy mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi onlain konferentsy «Nasledie Abayia v mirovom duchovnom prostranstve» - Materials of the international scientific and practical online conference "Abai's heritage in the world spiritual space"– Almaty: Kainar ademiasy, – 211 p.*

10 *Brunello G. (2009). The effect of economic downturns on apprenticeships and initial workplace training: A review of the evidence//Journal of Empirical Research in Vocational Education and Training. OECD. No. 1.*

11 *D.D. Bragg, C. M. Ruud. (2011). The Adult Learner and the Applied Baccalaureate: Lessons from Six States.*

12 *UNESCO 2012: Technical and Vocational Education and Training (TVET).* <http://www.unesco.org/new/en/education/themes/education-building-blocks/technical-vocational-education-and-training-tvet/>.

13 *Education, culture and science in the Netherlands. Key figures 2002–2006. Ministry of education, culture and science in the Netherlands. (n.d.):* <http://education.stateuniversity.com>. Retrieved from: <http://education.stateuniversity.com>.

14 *Background report. Polytechnic education in Finland. 2014.*

15 *Sistema vysshego obrasovaniya vo Frantsy [Higher education system in France]. 2013. (n.d.):*<http://is.znanie.info/rus>. Retrieved from: <http://is.znanie.info/rus>

16 *Furthereducation. (n.d.):*[http://au.encarta.msn.com/encyclopedia\\_781538887/Further\\_Education.html](http://au.encarta.msn.com/encyclopedia_781538887/Further_Education.html). Retrieved from: [http://au.encarta.msn.com/encyclopedia\\_781538887/Further\\_Education.html](http://au.encarta.msn.com/encyclopedia_781538887/Further_Education.html).



17 Chugunov D.U., Vasilev K.B., Frumin I.D. (2010). *Vvedenie program prikladnogo bakalavriata v rossiskuiu sistemu obrazovaniia: zacet i kak?* [Введение программ прикладного бакалавриата в российскую систему образования: зачем и как?] *Voprosy obrazovaniia - Educational issues*. № 4. – P. 247-267.

18 *Ministerstvo obrazovaniia i nauki RF: Prikladnoi bakalavriat*. (2011). [Ministry of Education and Science of the Russian Federation: Applied Bachelor's Degree]. (n.d.): <http://mon-ru.livejournal.com/17014.html>. Retrieved from: <http://mon-ru.livejournal.com/17014.html>.

19 Zhumasheva A., Zhumabaeva Z., Sakenov Zh., Vedilina E., Zhaksylykova N., Sekenova B. *Theoretical model of development of information competence among students enrolled in elective courses* // *International Journal of Environmental & Science Education*, 11(18). – 2016, 11250-11259.

20 *Metodicheskie rekomendatsy po razrabotke i bnedreniu obrazovatelnykh program prikladnogo bakalavriata..* [Methodological recommendations for the development and implementation of educational programs for applied bachelor's degree ]//NAO «Holding «Kasipkor». – Astana. 2014 – 173 p.

